

## БӨЛІМ: САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫ

**"Адамның жан сұлулығы" сабақ жоспары**ЖАРИЯЛАНДЫ  
14.03.2022СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/116745/>**Модуль/ пән атауы: Өзін-өзі тану****Жалпы мәліметтер**

- Курс: I.
- Оқу жылы: 2021-2022.
- Топ: 1 м/с В
- Сабақ типі: Аралас сабақ

**Мақсаты, міндеттері:**

1. Білімалушыларға ішкі және сыртқы сұлулық туралы айта отырып, ақиқат құндылығының мәнін
2. Білімалушыларды ізгілікті қарым – қатынас жасауға үйрету, тақырыптың мазмұнын ашу арқылы топпен жұмыс істеуге дағдыланады.
3. Білімалушылардың бойындағы жанашырлық қасиеттерін дамыту, таным жолында туралы негізгі түсінік қалыптастырады.
4. Білімалушыларды жақсылық жасауға тәрбиелеу, таным жолында деректік материалдар негізінде зерделеуді үйренеді.

**2.1. Оқу сабақтары барысында білім алушылар игеретін кәсіби біліктердің тізбесі:**

- сабақтан қажет ақпаратты алады
- детальды ақпаратты анықтайды
- тұлғаларды танынып, түсіндіреді
- бір-бірімен сөйлеседі

### 3. Сабақты жабдықтау: презентация, видео

#### 3.1. Оқу - әдістемелік құрал-жабдықтар, анықтамалық әдебиеттер:

1. Өзін-өзі тану: Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық /Жұбатова Л.С., Әкімбаева Ж.Ж., Нұркеева С.С. – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2019. – 98 б.
2. Өзін-өзі тану: Оқушы дәптері. Акимбаева Ж. Ж., Джубатова Л. С., Нұркеева С.С. / 10-сынып. – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2019. – 98 б.
3. Өзін-өзі тану: Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық /Жұбатова Л.С., Әкімбаева Ж.Ж., Мыркасымова Н.К . – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2020. – 89 б.
4. Өзін-өзі тану: Оқушы дәптері. Акимбаева Ж. Ж., Джубатова Л. С., Мыркасымова Н. К. / 11-сынып. – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2020. – 88 б.
5. Омарова Г.А., Анарбек Н.А., Маркус Н.Н. Самопознание: учебник для 12 класса общеобразовательных школ. – Алматы: ННПООЦ «Бөбек», 2019.- 168 с.

**3.2. Техникалық құралдар, материалдар:** мультимедиялық тақта, теледидар, ноутбук.

4. **Сабақтың барысы:** Үй жұмысын қайталау бойынша буклет, презентация жұмыстарын қорғайды. Жаңа сабақты түсіндіру. Тақырып бойынша видеоролик қору. Топқа бөлу және топ бойынша тапсырмалар орындау. Сабақ соңында білімалушылармен «Алма ағашы» әдісі арқылы кері байланыс жасау. Үй тапсырмасын беру және білімалушыларды бағалау.

**4.1. Ұйымдастыру кезеңі (2 минут).** – Сәлеметсіздер ме? – Отырыңыздар. – Кім кезекші? – Сабақта кім жоқ?

**4.2. Оқытушының кіріспе сөзі (3 минут).** Жалпы сабаққа кіріспе

Сәлемдесу, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.

Білімалушылармен бірге сергіту сәтін өткізу

### 4.3. Үй тапсырмасын тексеру (25 минут).

«Ақыл» мәтінін оқып келу.

Сұрақтар:

1. Бөлтірік ақылды «Қайтпайтын, таймайтын қолдаушы мен қорғаушыға», «жарығы тұтас елге түскен қасиетті шыраққа», «жел жетпес жүйрік, асыл текті пыраққа» теңеуінің себебі неде?
2. Өздеріңіз ақылды неге теңер едіңіздер?
3. Бөлтірікті басқа төре шешендерден биік етіп тұрған не деп ойлайсыздар?
4. Адам өмірінің баянды, бақытты болуы неліктен адамның ақылына, ақылды істеріне байланысты?
5. Айналаңызда ақылын өміріне серік еткен адамдар бар ма? Әңгімелеп беріңіздер.

### 4.4. Жаңа тақырыпты түсіндіру (40 минут).

Дәйексөз: Адам бойындағының бәрі – бет пішіні, киім киісі, жан дүниесі, ақыл-ойы да сұлу болуға тиіс.

Антон Чехов

**Сұрақтар:**

1. Қандай адамды жан дүниесі сұлу деп айта аламыз?
2. Сұлулық туралы қандай мақал – мәтелдер білесіз?

Дәйексөзден қандай ой түйдіңіз?

**Сабақтың тақырыбы:** Адамның жан сұлулығы

**Жоспары:**

1. Адам бойындағы жақсы қасиеттер
2. Мәтінмен жұмыс
3. Сергітту кезеңі
4. Топтық жұмыс

(Балалар сіздер экрандағы суреттер туралы не айта аласыңдар?)

Білімалушылар өз ойларымен бөліседі

## **Презентация көрсетіледі.**

### **Ізгілік, Махаббат, Мейірім**

Ізгілік. Сезімді сергітіп, ой-сананды жарықтандырып, қиялыңа қанат бітіреді. Кіршіксіз көңілді сұлулыққа, ақ айдынды әсемдікке жетелейді.

Өмірге іңкәр, құштар болған сайын адам әдемілікті аңсайды. Мөлдір, таза болған сайын сұлулыққа шөліктейді.

Ізгілік – көкіректегі жақсылыққа ұмтылған нәзік сәуле. Бұл сәуле күн шапағаты тәрізді жүректерге жарық сыйлайды.

Махаббат. Өмірге ғашықтық – сұлулыққа, адамға құштарлықтан бастау алады.

Шынайы ізгіліктен, адами құштарлықтан махаббат туады.

Махаббат – жүрегіңдегі ізгіліктің түйір дәні өсіп, жапырақ жайып құлпыруы. Ол жан-дүниені баураған әсемділік, алаулаған таңғы арайдай сұлулық!

«Кеудесінде жаны барлардың талай мыңдағаны тіршілік етіп, ұрпақтарын таратып, көбейіп жатады. Ал сүйіспеншілік тек Адамда ғана болады. Тек адамша сүйе білсе ғана – ол Адам. Сүйе білмесе, адам сұлулығының осы бір асқақ шыңына көтеріле алмаса – демек ол адамнан туған, бірақ Адам бола алмаған тірі жан». (В.Сухомлинский. «Қызыма хат»).

«Махаббат — әуелі адамның адамдығы» — дейді ұлы Абай.

Шын сүйген түсінеалады. Егер кеудеңде отың, шындыққа тура қарар бетің болмаса – жан-дүниенің де жетім.

Мейірім. Бойында адамдыққа ынтызарлығы, іңкәр құштарлығы, жүрегінде мейірімі жоқ – жасық адам. Ізгілікке, жақсылыққа жеткізетін де мейірім шапағаты. «Мың адам салған көпірді, бір адам бұзады. Бір адамның жаққан отына он адам жылынады» дейді

қазақ.

Мейірім – жан-дүниенің нәзіктігі, адам көңілінің мөлдірлігі.

Мынау қым-қиғаш, қатыгезденіп кеткен заманда ізгілікті іздейсің, мейірімділікті аңсайсың, махаббатты ойлайсың.

Бәрі де... кісілік келбет, адамдық тұлға, елдік еңсе де адамгершіліктен басталады.

Көңілдегі ашу-ыза жоғалып, салқындық жылылыққа орын беріп, бір-біріне деген немқұрайдылық шуақтыққа ұласып, жүректерде тек мейірімділік билік құрса дейсің.

- *Ізгілік адам бойына қандай қасиет бітіреді екен?*
- *Адам бойындағы махаббат неден бастау алады?*
- *Адам өзін-өзі жетілдірмесе қандай күйге түседі?*
- *Адамдар бір-біріне мейірімді болуы үшін ең алдымен қандай қасиет болуы керек?*

## **II. Негізгі бөлім. «Топтық тапсырмалар кезеңі»**

**Білімалушылар үш топқа бөлінеді. Топ басшыларын ортаға шақырып алдарында тұрған әр түрлі түсті стикерлерді тандап тапсырмаларды тандап алынады.**

### **1 тапсырма**

#### **Дереккөзімен жұмыс.**

1-тапсырма. Жағдаятты шешіңіздер. Кейіпкердің жан дүниесінің сұлулығын тауып, сахналап беріңіздер. Хакімнен біреу: «Осы сен мал баққан қойшы болсаң да, ел неліктен саған құмар?», – деп сұрапты. Сонда Лұқман хакім: – Өйткені мен көзімді харамға жұмдым, тым еркіне жібермей, тілімді тістедім, аз тамақтандым, уәдемде тұрдым, маған қатысы жоқ нәрселерге көңіл аудармадым, – депті. 1.«Алаш» партиясының бағдарламасын талдап мақсаты мен міндетін анықтап, жазылған кестені толықтыру.

### **2 тапсырма**

#### **Ой толғау. Топпен ән айту.**

«Қазақ елі» әні

Сөзі Шәмшібай Сариевтікі

Әні Сейдулла Бәйтерековтікі  
Қазағым сенсің қазақ – ұлы елім,  
Дүрсілдеп сен деп соққан жүрегім.  
Мақтанам, қазағым, мақтанышым,  
Тәуелсіздік таңы атқан үшін.  
Қазағым, сенсің тауым асқарым,  
Самғасаң сенсің ұшар аспаным.  
Жұлдызы, айы аман, күні аман,  
Туған жерім – сенсің ұлы анам.  
Қазақ жері – бұл Қазақстан  
Жаса мәңгі гүл Қазақстан.  
Келешекке туған елім менің,  
Қолым беріп тұр менің Қазақстан.  
Бір мен үшін сенен басқа жер жоқ.  
Жер бетінде сенен басқа ел жоқ.  
Арманым, тағдырым – қазақ жерім  
Әнұраным, туым, қазақ елім.  
Қазақ елі ұлы көште,  
Дария тағдыр суын кеште.  
Қазақ жері, кең далам да осы,  
Біз балаңбыз туып өскен.  
Қазағым, туып өскен мекенім,  
Қастерлеп сені мәңгі өтем.  
Туым да, далам да қазақ жері  
Жаса мәңгі, қазақ елі.

### **3 тапсырма**

#### **Талдау жұмысы**

**«Біреу үйде , екеуі қонақта» әдісі**

I топ — *Ізгілік адам бойына қандай қасиет бітіреді екен?*

II топ – *Адам бойындағы махаббат неден бастау алады?*

III топ – *Адам өзін-өзі жетілдірмесе қандай күйге түседі?*

*Адамдар бір-біріне мейірімді болуы үшін ең алдымен қандай қасиет болуы керек?*

**Бағалау критерийлер:**

— адамның ішкі әлемін сипаттайды;

— «даралық», «ішкі әлем», «өзін-өзі бағалау» ұғымдарын анықтайды және өзара байланыстырады;

— өзін-өзі бағалаудың түрлерін атайды;

— өзінің іс-әрекетін талдайды және бағалайды.

**4. Жаңа тақырыпты бекіту****Фронталды сұрау:**

*Бақылау сұрақтары.*

6. *Ізгілік адам бойына қандай қасиет бітіреді екен?*

7. *Адам бойындағы махаббат неден бастау алады?*

8. *Адам өзін-өзі жетілдірмесе қандай күйге түседі?*

9. *Адамдар бір-біріне мейірімді болуы үшін ең алдымен қандай қасиет болуы керек?*

**10. Баға қою (5 минут)**

Коментирлеу және әділ баға қою.

**7. Сабақ бойынша рефлексия (10 минут)****(білім алушылар смайликтерді жапсыру арқылы сабакты бағалайды)**

«Алма ағашы» әдісі арқылы білімалушылармен кері байланыс жасалынады. Білімалушылар сабақты қорытындылау барысында не түсінді, қандай жаңа

ақпараттармен танысты, қандай көңіл-күйде болды барлығын стикерлерге жазып тақтадағы алма ағашына жабыстырады.

## 8. Үй тапсырмасы (5 минут)

«Жү

**Модуль/ пән атауы: Өзін-өзі тану**

**Дайындаған педагог:** Аманова Жулдуз Кыдыргазыновна

«17» қараша, 2021 жыл

### 1. Жалпы мәліметтер

- Курс: I.
- Оқу жылы: 2021-2022.
- Топ: 1 м/с В
- Сабақ типі: Аралас сабақ

### Мақсаты, міндеттері:

1. Білімалушыларға ішкі және сыртқы сұлулық туралы айта отырып, ақиқат құндылығының мәнін
2. Білімалушыларды ізгілікті қарым – қатынас жасауға үйрету, тақырыптың мазмұнын ашу арқылы топпен жұмыс істеуге дағдыланады.
3. Білімалушылардың бойындағы жанашырлық қасиеттерін дамыту, таным жолында туралы негізгі түсінік қалыптастырады.
4. Білімалушыларды жақсылық жасауға тәрбиелеу, таным жолында деректік материалдар негізінде зерделеуді үйренеді.

### 2.1. Оқу сабақтары барысында білім алушылар игеретін кәсіби біліктердің тізбесі:

- сабақтан қажет ақпаратты алады
- детальды ақпаратты анықтайды
- тұлғаларды танынып, түсіндіреді

— бір-бірімен сөйлеседі

### 3. Сабақты жабдықтау: презентация, видео

#### 3.1. Оқу - әдістемелік құрал-жабдықтар, анықтамалық әдебиеттер:

1. Өзін-өзі тану: Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық /Жұбатова Л.С., Әкімбаева Ж.Ж., Нұркеева С.С. – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2019. – 98 б.
2. Өзін-өзі тану: Оқушы дәптері. Акимбаева Ж. Ж., Джубатова Л. С., Нұркеева С.С. / 10-сынып. – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2019. – 98 б.
3. Өзін-өзі тану: Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық /Жұбатова Л.С., Әкімбаева Ж.Ж., Мыркасымова Н.К. – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2020. – 89 б.
4. Өзін-өзі тану: Оқушы дәптері. Акимбаева Ж. Ж., Джубатова Л. С., Мыркасымова Н. К. / 11-сынып. – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2020. – 88 б.
5. Омарова Г.А., Анарбек Н.А., Маркус Н.Н. Самопознание: учебник для 12 класса общеобразовательных школ. – Алматы: ННПООЦ «Бөбек», 2019.- 168 с.

**3.2. Техникалық құралдар, материалдар:** мультимедиялық тақта, теледидар, ноутбук.

4. **Сабақтың барысы:** Үй жұмысын қайталау бойынша буклет, презентация жұмыстарын қорғайды. Жаңа сабақты түсіндіру. Тақырып бойынша видеоролик қору. Топқа бөлу және топ бойынша тапсырмалар орындау. Сабақ соңында білімалушылармен «Алма ағашы» әдісі арқылы кері байланыс жасау. Үй тапсырмасын беру және білімалушыларды бағалау.

**4.1. Ұйымдастыру кезеңі (2 минут).** – Сәлеметсіздер ме? – Отырыңыздар. – Кім кезекші? – Сабақта кім жоқ?

**4.2. Оқытушының кіріспе сөзі (3 минут).** Жалпы сабаққа кіріспе

Сәлемдесу, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.

Білімалушылармен бірге сергіту сәтін өткізу

#### 4.3. Үй тапсырмасын тексеру (25 минут).

«Ақыл» мәтінін оқып келу.

Сұрақтар:

1. Бөлтірік ақылды «Қайтпайтын, таймайтын қолдаушы мен қорғаушыға», «жарығы тұтас елге түскен қасиетті шыраққа», «жел жетпес жүйрік, асыл текті пыраққа» теңеуінің себебі неде?
2. Өздеріңіз ақылды неге теңер едіңіздер?
3. Бөлтірікті басқа төре шешендерден биік етіп тұрған не деп ойлайсыздар?
4. Адам өмірінің баянды, бақытты болуы неліктен адамның ақылына, ақылды істеріне байланысты?
5. Айналаңызда ақылын өміріне серік еткен адамдар бар ма? Әңгімелеп беріңіздер.

#### 4.4. Жаңа тақырыпты түсіндіру (40 минут).

Дәйексөз: Адам бойындағының бәрі – бет пішіні, киім киісі, жан дүниесі, ақыл-ойы да сұлу болуға тиіс.

Антон Чехов

**Сұрақтар:**

1. Қандай адамды жан дүниесі сұлу деп айта аламыз?
2. Сұлулық туралы қандай мақал – мәтелдер білесіз?

Дәйексөзден қандай ой түйдіңіз?

**Сабақтың тақырыбы:** Адамның жан сұлулығы

**Жоспары:**

1. Адам бойындағы жақсы қасиеттер
2. Мәтінмен жұмыс
3. Сергітту кезеңі
4. Топтық жұмыс

(Балалар сіздер экрандағы суреттер туралы не айта аласыңдар?)

Білімалушылар өз ойларымен бөліседі

### **Презентация көрсетіледі.**

#### **Ізгілік, Махаббат, Мейірім**

Ізгілік. Сезімді сергітіп, ой-санаңды жарықтандырып, қиялыңа қанат бітіреді. Кіршіксіз көңілді сұлулыққа, ақ айдынды әсемдікке жетелейді.

Өмірге іңкәр, құштар болған сайын адам әдемілікті аңсайды. Мөлдір, таза болған сайын сұлулыққа шөліккейді.

Ізгілік – көкіректегі жақсылыққа ұмтылған нәзік сәуле. Бұл сәуле күн шапағаты тәрізді жүректерге жарық сыйлайды.

Махаббат. Өмірге ғашықтық – сұлулыққа, адамға құштарлықтан бастау алады.

Шынайы ізгіліктен, адами құштарлықтан махаббат туады.

Махаббат – жүрегіңдегі ізгіліктің түйір дәні өсіп, жапырақ жайып құлпыруы. Ол жан-дүниенің баураған әсемділік, алаулаған таңғы арайдай сұлулық!

«Кеудесінде жаны барлардың талай мыңдағаны тіршілік етіп, ұрпақтарын таратып, көбейіп жатады. Ал сүйіспеншілік тек Адамда ғана болады. Тек адамша сүйе білсе ғана – ол Адам. Сүйе білмесе, адам сұлулығының осы бір асқақ шыңына көтеріле алмаса – демек ол адамнан туған, бірақ Адам бола алмаған тірі жан». (В.Сухомлинский. «Қызыма хат»).

«Махаббат — әуелі адамның адамдығы» — дейді ұлы Абай.

Шын сүйген түсінеалады. Егер кеудеңде отың, шындыққа тура қарар бетің болмаса – жан-дүниенің де жетім.

Мейірім. Бойында адамдыққа ынтызарлығы, іңкәр құштарлығы, жүрегінде мейірімі жоқ – жасық адам. Ізгілікке, жақсылыққа жеткізетін де мейірім шапағаты. «Мың адам салған көпірді, бір адам бұзады. Бір адамның жаққан отына он адам жылынады» дейді қазақ.

Мейірім – жан-дүниенің нәзіктігі, адам көңілінің мөлдірлігі.

Мынау қым-қиғаш, қатыгезденіп кеткен заманда ізгілікті іздейсің, мейірімділікті аңсайсың, махаббатты ойлайсың.

Бәрі де... кісілік келбет, адамдық тұлға, елдік еңсе де адамгершіліктен басталады.

Көңілдегі ашу-ыза жоғалып, салқындық жылылыққа орын беріп, бір-біріне деген немқұрайдылық шуақтыққа ұласып, жүректерде тек мейірімділік билік құрсадейсің.

- *Ізгілік адам бойына қандай қасиет бітіреді екен?*
- *Адам бойындағы махаббат неден бастау алады?*
- *Адам өзін-өзі жетілдірмесе қандай күйге түседі?*
- *Адамдар бір-біріне мейірімді болуы үшін ең алдымен қандай қасиет болуы керек?*

## **II. Негізгі бөлім. «Топтық тапсырмалар кезеңі»**

**Білімалушылар үш топқа бөлінеді. Топ басшыларын ортаға шақырып алдарында тұрған әр түрлі түсті стикерлерді тандап тапсырмаларды тандап алынады.**

### **1 тапсырма**

#### **Дереккөзімен жұмыс.**

1-тапсырма. Жағдаятты шешіңіздер. Кейіпкердің жан дүниесінің сұлулығын тауып, сахналап беріңіздер. Хакімнен біреу: «Осы сен мал баққан қойшы болсаң да, ел неліктен саған құмар?», – деп сұрапты. Сонда Лұқман хакім: – Өйткені мен көзімді харамға жұмдым, тым еркіне жібермей, тілімді тістедім, аз тамақтандым, уәдемде тұрдым, маған қатысы жоқ нәрселерге көңіл аудармадым, – депті. 1.«Алаш» партиясының бағдарламасын талдап мақсаты мен міндетін анықтап, жазылған кестені толықтыру.

### **2 тапсырма**

#### **Ой толғау. Топпен ән айту.**

«Қазақ елі» әні

Сөзі Шөмішбай Сариевтікі

Әні Сейдулла Бәйтерековтікі

Қазағым сенсің қазақ – ұлы елім,  
Дүрсілдеп сен деп соққан жүрегім.  
Мақтанам, қазағым, мақтанышым,  
Тәуелсіздік таңы атқан үшін.  
Қазағым, сенсің тауым асқарым,  
Самғасаң сенсің ұшар аспаным.  
Жұлдызы, айы аман, күні аман,  
Туған жерім – сенсің ұлы анам.  
Қазақ жері – бұл Қазақстан  
Жаса мәңгі гүл Қазақстан.  
Келешекке туған елім менің,  
Қолым беріп тұр менің Қазақстан.  
Бір мен үшін сенен басқа жер жоқ.  
Жер бетінде сенен басқа ел жоқ.  
Арманым, тағдырым – қазақ жерім  
Әнұраным, туым, қазақ елім.  
Қазақ елі ұлы көште,  
Дария тағдыр суын кеште.  
Қазақ жері, кең далам да осы,  
Біз балаңбыз туып өскен.  
Қазағым, туып өскен мекенім,  
Қастерлеп сені мәңгі өтем.  
Туым да, далам да қазақ жері  
Жаса мәңгі, қазақ елі.

### **3 тапсырма**

#### **Талдау жұмысы**

**«Біреу үйде , екеуі қонақта» әдісі**

I топ — *Ізгілік адам бойына қандай қасиет бітіреді екен?*

II топ – *Адам бойындағы махаббат неден бастау алады?*

III топ – *Адам өзін-өзі жетілдірмесе қандай күйге түседі?*

*Адамдар бір-біріне мейірімді болуы үшін ең алдымен қандай қасиет болуы керек?*

**Бағалау критерийлер:**

— адамның ішкі әлемін сипаттайды;

— «даралық», «ішкі әлем», «өзін-өзі бағалау» ұғымдарын анықтайды және өзара байланыстырады;

— өзін-өзі бағалаудың түрлерін атайды;

— өзінің іс-әрекетін талдайды және бағалайды.

**4. Жаңа тақырыпты бекіту****Фронталды сұрау:**

*Бақылау сұрақтары.*

1. *Ізгілік адам бойына қандай қасиет бітіреді екен?*

2. *Адам бойындағы махаббат неден бастау алады?*

3. *Адам өзін-өзі жетілдірмесе қандай күйге түседі?*

4. *Адамдар бір-біріне мейірімді болуы үшін ең алдымен қандай қасиет болуы керек?*

**6. Баға қою (5 минут)**

Коментирлеу және әділ баға қою.

**7. Сабақ бойынша рефлексия (10 минут)**

**(білім алушылар смайликтерді жапсыру арқылы сабақты бағалайды)**

«Алма ағашы» әдісі арқылы білімалушылармен кері байланыс жасалынады. Білімалушылар сабақты қорытындылау барысында не түсінді, қандай жаңа ақпараттармен танысты, қандай көңіл-күйде болды барлығын стикерлерге жазып тақтадағы алма ағашына жабыстырады.

#### 8. Үй тапсырмасы (5 минут)

«Жүрегім соғып тұрғанда» мәтінін оқып келу.

9. **Қорытынды.** Бүгінгі сабақтан игерген жақсы қасиеттерді есімізге түсіріп, жүрегімізге сақтайық.

регім соғып тұрғанда» мәтінін оқып келу.

9. **Қорытынды.** Бүгінгі сабақтан игерген жақсы қасиеттерді есімізге түсіріп, жүрегімізге сақтайық.